

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ
МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ОРЫНДАҒАН: БЕЙБІТОВА Қ.
ТЕКСЕРГЕН: СҰЛТАНОВА Н.К.

A collection of colorful pencils and a watercolor palette on a notebook page. The pencils are arranged in a fan shape in the top left corner. The watercolor palette is in the bottom right corner, with several brushes resting on it. The notebook page is white with a spiral binding on the left side. The background is a light green and yellow pattern.

Мақалалар

✓ Мақала - қоғамдық-
әлеуметтік мәселелер
туралы жазылған
публицистикалық
жанрдағы шығарма.



Мақала 4 түрге бөлінеді:


- Бас Мақала заманымыздың негізгі бағытын, үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылық, мәдени міндеттерді түсіндіріп, іске бағыт береді;
- Проблемалық Мақала шешуді, тексеруді, зерттеуді қажет ететін теориялық және практикалық мәселелерді көтереді;
- Насихаттық Мақала ғылым, техника, өнер жаңалықтары заман талабына сай бүгінгі өмірдің практикалық міндеттерімен байланыстырып отырады;
- Публицистикалық Мақала қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды.



Мақала журналистиканың аналитикалық жанрына жатады. Бұл маңызды мәселені көтеретін, шағын көлемдегі публицистикалық туынды. Сонымен бірге, мақала- бұл, жазу жағынан ең кең тараған және қиын жанр болып табылады.

Мақалада автордың алдында әлеуметтік жағдайларды, өмірлік процесстерді жан-жақты қарастыру және анализ жасау мақсаты тұр.





Мақаланың жалпы және өзгешелік белгілері:

- Нақты әлеуметтік бағыт;
- Оқиғаның және оның фактілерінің терең анализі және жан-жақты қарастырылуы;



- Ғылыми мақала жазу – оңай емес, ол өзіне жазуға дейінгі ойлау элементтерін қосатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Ғылыми мақала жазуды санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлға ғана іске асыра алады. Студенттің болашақ маман екендігін ескерсек, осы міндетті (ғылыми мақала жазу) университетте оқып жүріп игеру немесе игерту үшін қадам жасау маман және оның болашақ саласы үшін де пайдалы болмақ.



Мақала журналистиканың бөлек жанры болып табылады. Бірақ, тақырыптардың алуан түрлілігіне және бағыттарына байланысты оларды бірнеше топқа бөледі:

- *Ақпараттық* – бұл, белгілі ақпаратты жеткізетін түсініктемелік сипаттамадағы мақалалар. Оларға, ақпараттық мақалалар, ақпараттық корреспонденция, ақпараттық есеп, ақпараттық сұхбат, блиц-сауалнама, сұрақ-жауап, репортаждар жатады.

- *Аналитикалық* – мақалаларда пайымдау, анализ және қорытынды міндетті түрде көрініс табады. Оларға, аналитикалық есептер, аналитикалық корреспонденция, аналитикалық сұхбат, аналитикалық сауалнама, әңгімелер, комментарийлер, әлеуметтік резюме, анкеталар, мониторингтер, рейтингтер, рецензиялар, журналистикалық зерттеулер, шолулар, БАҚ-ды шолу, болжамдар, эксперименттер, ұсыныстар жатқызылады.



Мақала сараптамалық жанрдың ең күрделі түрі. Қазіргі таңда ол сапалы мерзімді басылымдардың бетінен түспейтін құндылыққа айналған жанр. Нөмірдің «шегесі» де мақала болып есептеледі. Қорыта айтқанда, мақалада қоғамның маңызды, қиын мәселелерін зерттеп, қарастырып, оның шешімін табу жолына бағыттау жағы басым түсіп жатады.



A collection of colorful pencils and watercolor brushes on a notebook page. The pencils are arranged in a fan shape at the top left, and the watercolor brushes and palette are at the bottom right. The text "Назарларыңызға рахмет!" is written in the center in a large, orange, serif font.

Назарларыңызға
рахмет!